

6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға дайындаған Нусупов Амажан Максуткановичтың ««Камышинское» ЖШС жағдайында «Ертіс» сүтті типті симментал сиырларының және оның будандарының өнімділігі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми рецензенттің жазбаша пікірі

р/н №	Критерийлер	Критерийлер сәйкестігі	Ресми рецензенттің ұстанымы
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 3) Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми- техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету)	Диссертациялық жұмыс 8D082 - Мал шаруашылығы ғылымының дамуына сәйкес 6D080200 – «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) мамандарын дайындауға бағытталған. Диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен мал шаруашылығы ғылымын дамытудың басымдықтарына, атап айтқанда «Сүтті және етті бағыттағы ірі қара шаруашылығындағы зерттеулер» бағытына сәйкес келеді.
2.	Ғылымға маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Орындалған диссертациялық жұмыс Республикамыздағы мал шаруашылығында сапалы сүт және ет өнімдерін жоғарлатуда өз үлесін қосады, жұмыстың маңыздылығы нәтижелерде толық ашылған.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі: 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған	Ізденушінің жұмысты өзі жазу деңгейі жоғары. Жұмысты жазу барысында ғылыми нәтижелерге жету үшін ізденуші тақырыпқа қажетті материалдарды жинап, жүйелеп, ғылыми талдаулар жасаған. Мал шаруашылығында сапалы сүт және ет өндіруде тұқым аралық будандастыруды ғылыми түрде тұжырымдап, нақты дәлелдеулермен айқындап берген.
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі: 1) негізделген; 2) жартылай негізделген; 3) негізделмеген. 4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды 1) айқындайды; 2) жартылай айқындайды; 3) айқындамайды 4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді: 1) сәйкес келеді;	Шаруашылықта өнімділіктері жоғары генетикалық потенциалы мықты малдардың тобын құру үшін тұқым аралық будандастырумен негізделген. Диссертация мазмұны диссертациялық жұмыстың тақырыбын толық айқындап тұр. Жұмыстың мақсаты мен міндеттері диссертацияның тақырыбына сәйкес келеді, оларды қойылған мақсатты

		2) жартылай сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді 4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен құрылысы логикалық байланысқан: 1) толық байланысқан; 2) жартылай байланысқан; 3) байланыс жоқ 4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған: 1) сыни талдау бар; 2) талдау жартылай жүргізілген; 3) талдау өз пікірін емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген	шешудегі міндеттердің өзара байланысынан байқауға болады. Диссертациялық жұмыстың барлық бөлімдері бір-бірімен өзара тығыз байланысқан және нәтижелер мен талқылаулар бөлімінде барлық әдістемелері тәжірибелік және зертханалық зерттеулермен негізделген. Барлық зерттеулердің дәлелдемелері келтірілген. Диссертант жұмысының зерттеу нәтижелеріне отандық және шетелдік ғылыми мақалаларды салыстыра отырып, сыни талдау жүргізген.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен қағидаттар жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа болып табыла ма? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады) 5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыста «Ертіс» типі және оның отандық селекциядағы «Ертіс» типі мен симментал сондай-ақ шетелдік селекциядағы «Ертіс» типі мен қызыл-ала голштин будандары бойынша алынған нәтижелер толығымен жаңа болып табылады. «Ертіс» типі малдары және олардың отандық пен шетелдік селекциядағы будандарының өнімділіктері Шығыс Қазақстан жағдайындағы «Камышинское» шаруашылығында толық зерттеліп, нәтижесінің қорытындылары толығымен жаңа болып табылады. Диссертациялық жұмыстың мақсаты мен міндеттерінде қолданылған техникалық (мал өсіру), технологиялық (сүт сауу) және экономикалық (тиімділік) шешімдері толық негізделген және толығымен жаңа болып келеді.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде негізделген/негізделмеген (qualitative research және өнертану және гуманитарлық бағыттары бойынша)	Диссертациялық жұмыстың барлық қорытындылары ғылыми тұрғыдан жасалынған жұмыстардың нәтижелерімен және дәлелдемелерімен толық негізделген.

7.	Қорғауға шығарылған негізгі қағидаттар	Әр қағидат бойынша келесі сұрақтарға жауап беру қажет: 7.1 Қағидат дәлелденді ме? 1) дәлелденді; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) жоқ 7.3 Жаңа ма? 1) ия; 2) жоқ 7.4 Қолдану деңгейі: 1) тар; 2) орташа; 3) кең 7.5 Мақалада дәлелденген бе? 1) ия; 2) жоқ	7.1 Қорғауға шығарылған барлық қағидаттар толық дәлелденген. 7.2 Диссертациялық жұмыста қорғауға шығарылған барлық қағидаттар тривиалды емес. 7.3 Ғылыми жаңалығы «Ертіс» типі және оның отандық пен шетелдік селекциядағы будандарының өнімділіктері салыстырмалы түрде алғашқы рет Шығыс Қазақстан жағдайында «Камышинское» шаруашылығында зерттелді. 7.4 Диссертациялық жұмыс аясында алынған нәтижелер кенінен қолданылған. 7.5 Алынған нәтижелердің бәрі мақалаларда толық дәлелденген.
8.	Дәйектілік принципі Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдістеменің таңдауы - негізделген немесе әдіснама нақты жазылған 1) ия; 2) жоқ 8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістерімен пайдалана отырып алынған: 1) ия; 2) жоқ 8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді): 1) ия; 2) жоқ 8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған	Диссертациялық жұмыста әдістеменің таңдауы толық негізделген, әдіснама нақты жазылған. Диссертациялық жұмыс компьютерлік технологияларды қолдана отырып, 17 кесте мен 16 суретте сипатталған. Сандық мәліметтер толық өңделген. Жұмыстың қорытындылары зерттеу нәтижелерімен сипатталады. Қойылған мақсат пен міндеттер зерттеу жұмысына сәйкес келеді. Жұмыстың қорытындылары тәжірибелік зерттеулермен дәлелденген және расталған. Пайдаланылған барлық әдебиеттер саны 143, оның ішінде ағылшын тілінде 15.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз	Диссертацияда пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті. Әдебиеттерге шолу 98 ғылыми әдеби сілтемеден тұрады.
9	Практикалық құндылық принципі	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы бар: 1) ия; 2) жоқ 9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары: 1) ия; 2) жоқ 9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа болып табылады? 1) толығымен жаңа; 2) жартылай жаңа (25-75% жаңа болып табылады); 3) жаңа емес (25% кем жаңа болып табылады)	Диссертациялық жұмыстың нәтижесі бойынша адамзатқа қажетті сапалы сүт және ет өнімдерін толық қамтамасыз ету тұрғысында теориялық маңызы бар. «Ертіс» типі сиырлары және олардың отандық пен шетелдік селекциядағы будандарының өнімділік көрсеткіштері анықталып, нәтижелері мал шаруашылығында практикада қолдану мүмкіндігі жоғары. Диссертациялық жұмыс негізінде алынған практикалық ұсыныстарды толығымен жаңа деуге болады.
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы: 1) жоғары; 2) орташа; 3) орташадан төмен; 4) төмен.	Диссертациялық жұмыс таңдалған тақырыбына сәйкес жазылған.

Шешім: 6D080200 - «Мал шаруашылығы өнімдерін өндіру технологиясы» мамандығы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне Нусупов Аманжан Максуткановичты лайық деп санаймын.

Жәңгір хан атындағы Батыс Қазақстан аграрлық-технологиялық университеті,
Басқарма төрағасы-ректордың орынбасары, ғылым жөніндегі проректор, ауыл шаруашылығы ғылымдарының кандидаты.



Ә.С. Шәмшідін

